

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

«Миссионерлік әдістері» пәні бойынша дәріс тезистері

Дәріс 4. Христиандықтағы миссионерлік тарихы

Дәрістің мақсаты – христиандықтың таралу тарихын және христиан діндегі бағыттардың миссионерлік қызметін талдау. Жаңа жерлерді жаулаудағы христиандық миссиялардың рөлін анықтау.

Дәрістің негізгі мәселелері:

1. Христиандықтағы миссионерлік әдістер мен стратегиялар;
2. Эсхатологиялық алғашқы христиандықтың миссионерлік парадигмасы;
3. Христиан діні мен колониализмнің өзара байланысы;

Христиандық табиғаты о бастан миссионерлік сипатта. Миссионерліксіз христиандық өз мәнін жоғалтады. Христиандық нағыз миссионерлік дін, оның ұстанушыларының саны 2 миллиардтан астам. Христиан дінінің таралуы оның әмбебаптылығымен және миссионерлік қызметтің қалыптасуымен тығыз байланысты.

Христиан діндегі миссия ұғымы – христиандық сенімді таратуға бағытталған ұйымдасқан әрекет дегенді білдіреді. Миссиялар – діни сенімді таратудың әмбебап әрі трансмәдени әдісі ретінде христиан дінінің маңызды бөлігі.

Христиандықтың миссионерлігінің тарихын ерте христиандық; әулие әкейлер; орта ғасырлық; протестанттық (реформация); ағарту; экумендік кезең деп бөлуге болады. Аталған кезеңдердің әрқайсысына тән христиандық сенімді түсінудің өзіндік ерекшелігі болды. Сонымен бірге, христиандық миссияның да әр кезеңге сәйкес түсінігі қалыптасты. Сол себепті әр кезеңдегі христиандықтағы миссионерлік қызметтің сипаты да, әдіс-тәсілдері де өзгеріп отырды. Ерте христиандық кезеңінде діни сенім жаңадан пайда болып, өз қатарын сенушілермен толықтыра бастады. Сенушілер Иисустың ғажайыптарына сеніп, артынан ерді. Алғашында миссионерлік жүйелі түрде емес, стихиялық сипатта болды. Иисустың іліміне сенген адамдар туыстары мен достарына насихаттап, сенушілер саны арта берді. Осы кезеңде христиандықтың таралуына ықпал тигізген негізгі сыртқы факторлар болды. Олардың ішінде атап көрсететініміз – Рим әлемінің біртұтас территорияны алып жатқан алып империя болуы және империяның қол астындағы елдерде емін-еркін сауда жасау, саяхаттау және тауарлар мен идеялар алмасу мүмкіндігіне ие болуы; империя құрамындағы халықтарға ортақ грек-рим мәдениетінің қалыптасуы, соның нәтижесінде жалпыға ортақ тіл – грек тілінің зор мәртебеге ие болуы; христиандыққа дейінгі діни сенімдердегі мифологиялық сюжеттердің христиан діндегі сюжеттерге ұқсастығы.

Апостолдар немесе әулие әкейлер дәуірінде миссионерлік қызмет пұтқа табынушылармен күресу, уағыз-насихат арқылы Иисус Христостың «Идите и научите все народы, крестя их во имя Отца, Сына и Святого Духа» (Библия от Матвея 28-19) деген өсиетіне сүйеніп дін таратты. Бұл кезеңде христиан дінінің негізгі қағидалары қалыптасты. Жаңа Өсиет жазылып, апостолдар өз миссиялары дінді тарату екендігін негіздеді. Апостол Павел христиан дінінің шеңберін ұлғайтуды қолдағандардың бірі болды. Тіпті кейбір деректерде апостол Павелді алғашқы миссионер деп атайды. Христиандық тарихында апостол Павелден өзге Варнава, Иоанн, Петр сияқты т. б. көптеген апостолдар мен әулие әкейлер болды. Олар миссионерлік қызметі барысында, өз өнегесімен христиандық сенімнің таралуына үлкен үлес қосты. Өздерінің жалынды сөздерімен, істеген істерімен, ерекше діндарлығымен сенушілерге үлгі болды. Бұл кезеңдегі дінге тартудың әдістерінің бірі – үлгі, өнеге көрсету деп айтуға толық негіз бар.

Сондай-ақ кейбір әулие әкейлер мен апостолдардың қиналып, азапталып өлтірілуі (мученическая смерть) де христиан дінінің таралуының романтикалық себебі болды. Сонымен бірге, христиандықты таратушылардың ауру адамды емдеуі, өзеннің ағысын теріс бұру сияқты ғажайыптарды жасай білу қабілеті де адамдар арасында аңыз болып таралып, олардың қызығушылығын тудырып, христиандыққа келуіне себеп болды. Діннің таралуы базарларда, ұстаханаларда қарапайым адамдар, саудагерлер арқылы жүргізілді. Осындай белсенді миссионерлік қызмет арқасында христиан діні алғашқы бес ғасыр ішінде (б.д. 500 ж. дейін) Рим империясының ресми дініне айналды.

V ғасырда христиандықты қабылдаған Рим империясы көптеген өзгерістерге ұшырады. Герман тайпалары тарапынан басқыншылыққа ұшыраған Рим империясы бірнеше патшалықтарға бөлінді. Осы кезеңде христиан діні де көптеген қиындықтарды көрді. Бірақ христиан шіркеуі жаңаруды қажет деп тауып, аскеттік, монахтық өмірді мақсат тұтқан түрлі ордендердің қалыптасуын қолдады. Монахтар айналада болып жатқан әділетсіздіктер мен заңсыздықтар Құдайға деген сенімнің жоқтығынан деп монахтық өмірдің пайда болуына ықпал етті. Орта ғасырдағы монахтық ордендер әлеуметтік институтқа айналды. Монахтық өмірдің арқасында христиан діні жаңа серпін алып, дамыды.

Христиандандыру шіркеу мен мемлекеттік биліктің бірігуінен кейін қарқынды жүргізіле бастады. Пұтқа табынушы елдерді жаулаған христиандық мемлекеттер жеңілген халықтардың толықтай діни, саяси тұрғыда бағынуын талап етті.

Қорыта айтқанда, христиандық миссионерлік тарихи даму барысында жүйелі түрде қалыптасқан құрылым болып табылады. Христиандық пайда болу кезеңінен бастап, осы күнге дейін миссионерлік сипаттағы дін екені даусыз. Өз тарихи жолында христиандық бағындырған елдің арасында ғана емес, Батыстағы варварлардың жағдайындай жаулаушы бола отырып, жаулап алған елдің дінін қабылдауымен байланысты таралғанын да хабардар етеді. Христиандандыру барысында шіркеу мен мемлекеттің одағы бірқатар нәтижеге әкелді. Христиандық миссионерлік монахтық орден мүшелерінің өз ісіне деген жанкештілігі арқасында табысты болды. Миссионерлік қызмет заман сұранысына сай өзгеріп, әдіс-тәсілдерін жетілдіріп отыратыны анықталды, атап айтсақ, ағартушылық кезеңде оқу-білім арқылы христиандық құндылықтар дәріптелсе, өзге елдерді отарлау саясатында миссионерлік мүлдем басқаша сипат алды. Алғашқы кезеңде адам «жанын» құтқаруға мән берген миссионерлік, жаңа заманда адамдарға көмектесу ісіне бағдарланды. Бұл кезең әйел-миссионерлерінің қызметінің пайда болуымен өзгешеленіп, өзге елдерді отарлау саясатындағы христиандандыру, коммерциализация, өркениет секілді құрамдас бөліктерден тұрды.

Бақылауға арналған сұрақтар:

1. Заманауи христиандық миссионерлігіне тән белгілер;
2. Монахтық ордендердің христиандық миссионерлік тарихындағы рөлі;
3. Католиктік, протестанттық миссия және катехизация ерекшеліктері.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Курманалиева А.Д., Утебаева Д.С., Әскенұлы Е. Миссионерлік әдістері. – А., 2019 –178 б.
2. Рысбекова, Ш.С. Христианство в Казахстане: история и современность / Ш.С. Рысбекова, А.Д. Курманалиева, Б.Б. Мейрбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 132 с
3. Миссионерская проповедь и распространение христианства в первые три века / пер. с нем., вступ. ст. и комм. проф. А. А. Спасского. — СПб.: Издательство Олега Абышко, 2007. — 384 б.
4. нсалес Х. Л. История христианства. От основания Церкви до эпохи Реформации. – Санкт-Петербург: Библия для всех, 2001. – Т. 1. – 124 с.
5. Рудник, М. Проповедь евангелия через века и страны История евангельского христианства // Библиотека Гумер // <http://www.gumer.info/bogoslovBuks/HistoryChurch/rudn/03.php>.

